

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 132 Заңы

Астанада 2004 жылғы 8 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім <\*>**

*(2006 жылғы 21 сәуірде күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2006 ж., N 6, 42-құжат)*

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі,

бір Тарап инвесторларының инвестицияларын екінші Тарап аумағында кемсітпеушілік негізде қорғау қажеттілігін тани отырып;

бір Тараптың жеке және заңды тұлғаларының екінші Тарап аумағында инвестициялар саласындағы экономикалық ынтымақтастығын ұлғайтуға жәрдемдесуді ниет ете отырып;

мұндай инвестицияларға ұсынылатын режим туралы уағдаластық Тараптар мемлекеттерінің жеке капитал ағыны мен экономикалық дамуын ынталандыратынын тани отырып;

инвестициялар үшін тұрақты негіздің экономикалық ресурстарды тиімді пайдалануды барынша ұлғайтуға және өмір деңгейін жақсартуға үлес қосатынына келісе отырып;

төмендегілер туралы келісті:

**1 - б а п**

**Айқындамалар**

Осы Келісімнің мақсатында,

1. "Инвестиция" термині бір Тараптың инвесторлары екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік мақсатта соңғысының аумағында салатын немесе салған активтерінің кез келген түрін, сондай-ақ бұдан туындайтын құқықтарды

білдіреді және атап айтқанда, бірақ айрықша емес мыналарды:

(а) жылжымалы және жылжымайтын мүлік пен жал, ипотека, мүлікті ұстап қалу құқығы мен салу сияқты қатысы бар мүліктік құқықтарды;

(б) үлестер, акциялар, борыштық міндеттемелер және компанияға қатысудың кез келген басқа да нысанын;

(в) ақша талап етуді немесе экономикалық құндылығы бар келісім-шартқа сәйкес кез келген орындауды;

(г) авторлық құқықтарды, сауда маркаларын, патенттерді, өнеркәсіптік үлгілер мен техникалық процестерді, ноу-хауды, коммерциялық құпияларды, сауда атауларын және гудвиллдерді қоса алғанда, зияткерлік меншік құқықтарын;

(д) табиғи ресурстарды іздеуге, әзірлеуге, алуға немесе пайдалануға арналған концессияларды қоса алғанда, заңға сәйкес немесе шартқа сай ұсынылатын іскер концессияларды қамтуы мүмкін.

Өз аумағына инвестицияларды қабылдайтын мемлекеттің заңнамасына сәйкес болған, салынған инвестициялар нысанындағы өзгеріс инвесторлардың мүдделерін осыған байланысты алынатын олардың құқығына қатысты қорғау мақсатында осы Келісімнің ережелерін қолдануға кедергі жасамайды.

2. "Инвестор" термині екінші Тараптың аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

(а) Қазақстан Республикасына қатысты:

"жеке тұлға" - Қазақстан Республикасының азаматы немесе оның аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыруға құқықты тұлға;

"заңды тұлға" - заңды тұлға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған немесе тіркелген заңды тұлға болып табылмайтын ұйым.

(б) Латвия Республикасына қатысты:

"жеке тұлға" - азамат және Латвия Республикасының заңдары мен ережелеріне сәйкес және осы Келісімнің "азамат емес" ұғымын айқындауға қатысты Хаттамасына сәйкес азамат емес;

"заңды тұлға" - Латвия Республикасының заңдары мен ережелеріне сәйкес тіркелген немесе құрылған кәсіпорын (компания) немесе қоғамдық ұйым, қауымдастық, мекеме.

3. "кіріс" термині пайданы, пайыздарды, капиталдан түскен кірістерді, дивидендтерді, роялтиді, лицензияланған сыйақылар мен басқа да төлемдерді қоса алғанда, инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған қаражатты білдіреді.

4. "аумақ" термині Тарап мемлекетінің құрлық аумақты, ішкі және аумақтық сулар мен оның үстіндегі әуе кеңістігін, сондай-ақ Тараптың мемлекеті мұндай облыстардың табиғи ресурстарын барлау және пайдалану мақсатында ұлттық заңнама мен халықаралық құқықтарға сәйкес егеменді құқықтар мен заңи құзыретін жүзеге

асыратын теңіз түбі мен жер қойнауын қоса алғанда, аумақтан тыс теңіздегі теңіз аймақтарын қамтитын аумағын білдіреді.

## 2 - б а п

### **Инвестицияларды көтермелеу және қорғау**

1. Әрбір Тарап өзінің аумағында екінші Тарап инвесторларды көтермелейді әрі олардың инвестициялары үшін қолайлы жағдайлар жасайды және өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес мұндай инвестицияларға рұқсат береді.

2. Әрбір Тарап өз аумағында екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына және инвестицияларынан түсетін кірістерге әділ және тең құқылы айналым, сондай-ақ толық және тұрақты қорғау мен қауіпсіздікті ұсынады.

3. Тараптардың ешбіреуі де өз аумағында екінші Тарап инвесторларының инвестициясын негізсіз, кемсітілетін немесе өз бетінше шаралармен ұлғайтуды, басқаруды, сақтауды, пайдалануды, иеленуді және сатуды нашарлатпайды немесе басқа да биліктер жүргізбейді.

## 3 - б а п

### **Құқықтық режим**

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың инвесторларына және олардың инвестициялары мен инвестицияларынан түсетін кірістеріне ол ұлттық инвесторларға не үшінші елдің инвесторлары мен олардың инвестицияларына инвестицияларды ұлғайтуға, басқаруға, қолдауға, пайдалануға иелік ету және сатуға немесе басқа да билік жүргізуге қатысты ұсынған режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

2. Әрбір Тарап екінші Тараптың инвесторларына және олардың инвестициялары мен инвестицияларынан түсетін кірістеріне осы Келісімнің 1-тармағында айтылғандардан неғұрлым қолайлы болып табылатын режимді ұсынады.

## 4 - б а п

### **Босату**

1. Осы Келісімнің ережелері Тарапты екінші Тараптың инвесторлары мен олардың инвестицияларына және инвестицияларынан түсетін кірістеріне бар немесе келешектегі кез келген режимнің пайдасын, преференцияны; немесе

(а) еркін сауда аймағындағы, кеден одағындағы, валюталық одақтағы, жалпы рыноктағы және кез келген Тараптың мемлекеті қатысушысы болып табылатын және мұндай одақтарға немесе осындай ұйымдарға алып келетін кез келген халықаралық келісімдегі мүшеліктің;

(б) кез келген халықаралық келісімнің немесе толықтай немесе басты түрде салық салуға қатысты Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасының нәтижесі болып табылатын артықшылықты ұсынуға міндеттеу ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

## 5 - б а п

### **Экспроприация және өтемақы**

1. Кез келген Тарап екінші Тарап инвесторының инвестицияларын тікелей немесе жанама экспроприациялауға немесе ұлттандыруға немесе мына қабылданатындарды қоспағанда, кез келген мұндай шараларды (бұдан әрі экспроприация деп аталатын) қабылдауға тиіс емес:

(а) қоғамдық мақсатта;

(б) кемсітпеушілік тәсілмен;

(в) тиісті заңды рәсімге сәйкес;

(г) осы Баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес тез, барабар және тиімді өтемақы төлеуі отырып.

2. Өтемақы:

(а) кідіріссіз төленуі тиіс. Кідіріс болған жағдайда, бұл кідірістің нәтижесі болып табылатын валюталық бағамға байланысты кез келген залалды қабылдаушы тарап мойнына алады;

(б) тікелей экспроприацияға дейін экспроприацияланған инвестициялардың әділ рыноктық құнымен теңесуі тиіс. Әділ рыноктық құн экспроприация туралы бұрын көпшілікке белгілі болғаны салдарынан құнның қандай да бір өзгерісін көрсетпеуі тиіс;

(в) толықтай сатылатын және еркін аударылатын болуы;

(г) нақты төлем күніне дейін экспроприация күнінен бастап төлем валютасы үшін рыноктық негізде белгіленген коммерциялық ставка бойынша пайызды қамтуы тиіс.

3. Екінші Тараптың экспроприациясынан зардап шеккені туралы мәлімдеген кез келген Тараптың инвесторы осы Баптың ережелеріне сәйкес оның инвестицияларын бағалау мен өтемақы төлеуді қоса алғанда, соңғы Тараптың сот органы немесе басқа да құзыретті және тәуелсіз органы арқылы оның ісін жедел қайта қарауына құқығы болуы тиіс.

## 6 - б а п

### Залалдарды өтеу

1. Екінші Тараптың аумағындағы соғыстың немесе басқа да қарулы қақтығыстың, ұлттық төтенше жағдайдың, төңкерістің, көтерілістің, азаматтық тәртіпсіздіктердің немесе кез келген басқа да осындай оқиғаның салдарынан аталған Тараптың аумағындағы оның инвестицияларына байланысты залал шеккен Тараптың инвесторына соңғы Тарап реституцияға, өтеуге, өтемақыға немесе кез келген басқа да реттеуге қатысты, инвестор үшін неғұрлым қолайлы болып табылатын, ол өз инвесторларына немесе кез келген үшінші мемлекеттің инвесторына ұсынатыннан қолайлылығы кем емес режимді ұсынуға тиіс.

2. Тараптың кез келген инвесторы 1-тармақта айтылған мыналардың салдарынан болған кез келген жағдайлардағы шығындарды өтейді:

(а) екінші Тараптың күштерімен немесе билігімен оның инвестициясын немесе оның бөлігін тәркілеуі;

(б) қажеттілігі талап етілмеген жағдайда, екінші Тараптың күштері немесе билігі инвестициялары немесе оның бөлігі бұзылса кез келген жағдайда соңғы Тарап кез келген жағдайда тез, барабар және тиімді болатын реституция немесе өтемақы ұсынуы тиіс. Бұл ретте өтеу 5-баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

## 7 - б а п

### Аударымдар

1. Әрбір Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңдарына сәйкес екінші тараптың инвесторларын өз аумағында және одан олардың инвестициялары мен инвестицияларға қатысты аударылатын төлемдер аударымын қамтамасыз етеді. Мұндай төлемдер жекелей алғанда мыналарды қамтиды, бірақ айрықша емес:

(а) салымды ұстау немесе ұлғайтуға арналған бастапқы капитал және қосымша с о м а л а р ;

( б ) к і р і с т е р ;

(в) инвестицияларды толық немесе бөлігін сатудан немесе жоюдан түскен түсім;

(г) несие төлемін қоса алғанда, келісім-шартқа сәйкес жүзеге асырылатын төлемдер;

(д) 5 және 6-баптарына сәйкес төленетін өтемақы;

(е) даудан туындайтын төлемдер;

(ж) шет елдерде жалға алынған және инвестициялармен байланысты жұмыс істейтін персоналға жалақы және басқа да сыйақылар.

2. Әрбір Тарап осы Баптың 1-тармағында айтылған аударымды аумағында инвестиция жүзеге асырылған Тараптың аударым күні қолданыстағы нарықтық валюталық бағаммен еркін айырбасталатын валютамен жүзеге асыруды қамтамасыз е т е д і .

3. Шетел валютасы үшін айырбас рыногы жоқ болмаған кезде қолданылатын бағам валютаны Арнайы Қарыз алу Құқықтарына аудару үшін ең соңғы валюта бағамы болуы т и і с .

4. Кез келген Тарап әділ, кемсітушіліксіз және өз мемлекетінің мыналарға:

(а) банкроттыққа, төлем қабілетсіздігіне немесе кредит берушілердің құқықтарын қ о р ғ а у ғ а ;

(б) бағалы қағаздарды шығаруға, сатуға немесе олармен жасалатын операцияларға, фьючерстерге, опциондарға немесе туындыларға;

( в ) к ұ қ ы қ б ұ з у ш ы л ы қ т а р ғ а ;

(г) қаржылық есеп беруге және заңды жүзеге асыруға немесе қаржылық бақылау органдарына жәрдемдесу қажет аударымдар есебін жүргізуге;

(д) сот немесе әкімшілік процестерде бұйрықтарды немесе сот шешімдерін орындауды қамтамасыз етуге қатысты заңнамасын адал қолдану жолымен осы Баптың 1, 2 және 3-тармақтары үшін залалсыз, аударымды шектей алады.

## 8 - б а п

### **Суброгация**

1. Егер Тараптар немесе тағайындалған орган инвестицияларға қатысты ұсынылған кепілдіктерге сәйкес екінші Тараптың аумағында өз инвесторларына төлем жүргізсе, соңғы Т а р а п м ы н а л а р д ы :

(а) бұл мемлекеттегі заңға немесе заңды мәмілеге сәйкес инвестордың алдыңғы Тарапқа немесе ол тағайындаған органға, сондай-ақ ол сияқты кез келген құқығына немесе т а л а б ы н а ж о л б е р у д і ;

(б) алдыңғы Тарап немесе ол тағайындаған орган суброгация күшімен мұндай инвестордың құқығын жүзеге асыруға және талаптарын мәлімдеуге құқылы екенін және инвестицияларға қатысты міндеттемелерді қабылдауға тиіс екендігін мойындауы т и і с .

2. Суброгация күшіне көшкен құқықтар немесе талаптар инвестордың бастапқы құқығынан немесе талабынан аспауы тиіс.

## 9 - б а п

### **Инвестор мен Тарап арасындағы даулар**

1. Инвестор мен Тарап арасындағы осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулар дипломатиялық арналар арқылы мүмкіндігінше консультациялар жолымен шешілуі тиіс.

2. Егер дау жазбаша нысанда мәлімденген күннен бастап үш (3) айдың ішінде шешілмеген жағдайда, ол инвестордың таңдауы бойынша:

(а) аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тараптың құзырлы сотына;

(б) дауласушы Тарап пен инвестор Тарабы бұл Конвенцияның тараптары болып табылуы шартымен, 1965 жылғы 18 наурызда Вашингтон қаласында қол қою үшін ашылған, мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғаларының арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы Конвенцияға сәйкес құрылған Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталықтың (бұдан әрі - ИДРХО) жанындағы төрелік сотқа; немесе

(в) дауласушы Тарап немесе инвестор Тарабы бұл Конвенцияның тарабы болып табылуы шартымен, ИДРХО Қосымша органының төрелік сотына; немесе

(г) егер тараптармен өзгеше келісілмесе, БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының Арбитраждық регламентіне (ЮНСИТРАЛ) сәйкес құрылуы тиіс кез келген арнайы құрылған төрелік сотқа ұсынылуы мүмкін.

3. Даудың тарабы болып табылатын Тараптардың бірде біреуі төрелік процестің немесе төрелік шешімді орындаудың кез келген кезеңінде даудың тарабы болып табылатын инвестор сақтандыру негізінде өз шығынының бөлігін немесе барлығын жабатын өтем алу фактісіне байланысты төрелік шешімді орындауға қарсылық білдіре а л м а й д ы .

4. Осы Бапқа сәйкес құрылған төрелік сот даудың Тарабы болып табылатын Тарап

мемлекетінің ұлттық заңнамасының, осы Келісім ережелерінің, сондай-ақ қолданатын халықаралық құқық нормаларының негізінде шешім қабылдауы тиіс.

5. Төрелік шешім даудың екі тарабы үшін түпкілікті және міндетті болуы тиіс. Екі Тарап шешімді мәжбүрлеп орындауды қамтамасыз етуі тиіс.

## 1 0 - б а п

### **Тараптар арасындағы дауларды шешу**

1. Тараптар арасындағы осы Келісімді түсіндіру немесе қолдануға қатысты даулар мүмкіндігінше келіссөздер және консультациялар жолымен шешіледі.

2. Егер дау бұлайша шешілмесе Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша ол осы Баптың ережелеріне сәйкес үш (3) айдың шегінде Төрелік сотқа берілетін болады.

3. Төрелік сот әрбір жекелеген іс бойынша мынадай үлгіде құрылуы тиіс. Төрелік сот туралы өтінішті алғаннан кейін екі (2) ай ішінде әрбір Тарап соттың бір мүшесін тағайындауы тиіс. Бұл екі мүше екі Тараптың мақұлдауы бойынша Соттың Төрағасы (бұдан әрі "Төраға" деп аталатын) болып тағайындалатын, үшінші Мемлекеттің азаматын сайлауы тиіс. Төраға басқа екі мүше тағайындалған күннен бастап екі (2) айдың ішінде тағайындалуы тиіс.

4. Егер осы Баптың 3-тармағында көрсетілген кезең ішінде қажетті тағайындаулар жасалмаса, тағайындау жүргізу туралы өтініш Халықаралық Соттың Президентіне жіберілуі мүмкін. Егер ол Тараптардың бірінің азаматы болып шықса немесе егер көрсетілген функцияны орындауға өзге де кедергілер болса, тағайындау жүргізу үшін Вице-президент шақырылуы тиіс. Егер Вице-президент те Тараптардың бірінің азаматы болып шықса немесе егер көрсетілген функцияны орындауға өзге де кедергілер болса, онда Халықаралық Соттың Тараптардың бірінің азаматы болып табылмайтын келесі аға мүшесі тағайындау жүргізу үшін шақыратын болады.

5. Төрелік сот шешімді басым дауыспен қабылдауы тиіс. Мұндай шешім міндетті болып табылады. Әрбір Тарап төрелік тыңдауларда өз төрешісінің және оның өкілдігінің қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды мойнына алуы тиіс. Төрағаның қызметіне ақы төлеу мен басқа да шығыстарды екі Тарап тең бөлікте көтеруі тиіс. Төрелік Сот шығындардың ауқымды бөлігін екі Тараптың бірі өтейді деп шеше алады және бұл шешім екі Тарап үшін міндетті болып табылады. Төрелік сот өз рәсімін айқындауы тиіс.

## 1 1 - б а п

### **Басқа да ережелер мен арнайы міндеттемелерді қолдану**

1. Мәселе осы Келісіммен және Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық келісіммен бір мезгілде реттелген кезде кез келген Тарапқа немесе екінші Тараптың аумағында инвестицияларға иелік ететін инвесторлардың кез келгеніне осы Келісімде оның жағдайында барынша қолайлы болып табылатын ережелер басымдығын пайдалануға ештеңе кедергі келтірмеуі тиіс.

2. Егер бір Тараптың екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына оның

мемлекетінің ұлттық заңнамасына немесе басқа да Шарттарда айқындалған шарттарға сәйкес ұсынған режимі осы Келісімге сәйкес ұсынылған режимнен гөрі қолайлы болып табылса, онда неғұрлым қолайлы режим ұсынылатын болады.

## 1 2 - б а п

### **Осы келісімнің қолданушылығы**

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағында оның мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес екінші Тараптың инвесторлары жүзеге асырған инвестицияларға, сондай-ақ осы Келісім күшіне енгенге дейін, сондай-ақ кейін қолданылуы тиіс, бірақ осы Келісім күшіне енгенге дейін реттелген инвестицияларға немесе кез келген талапқа қатысты туындаған кез келген дауға қолданылмауы тиіс.

## 1 3 - б а п

### **Жалпы ерекшеліктер**

1. Осы келісімде ештеңе Тараптың соғыс немесе қарулы қақтығыс уақытында оның мемлекетінің қауіпсіздігі мүдделерін қорғауға қажетті кез келген шараларды қабылдауға шектеу ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

2. Мұндай шаралар өз бетінше немесе заңсыз тәсілдермен қолданылмайтын немесе халықаралық сауда немесе инвестицияларды жасырын шектеуді құрамайтын жағдайда осы Келісімде ештеңе Тарапты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мына шараларды қамтитын шараларды қабылдауға немесе қолдауға шектеу ретінде түсіндірілмеуі тиіс:

(а) қоғамдық тәртіпті ұстауға қажетті;

(б) адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі немесе денсаулығына қажетті.

3. Осы Келісімнің ережелері оның 5-бабына, 6-бабына немесе 7-бабының 1-тармағына (д) қолдануы тиіс емес.

## 1 4 - б а п

### **Ашықтық**

1. Әрбір Тарап өзінің заңдарын, ережелерін, іс жүргізу нормалары мен әкімшілік шешімдерін, жалпы қолданыстағы сот шешімдерін, сондай-ақ екінші Тарап инвесторларының алдыңғы Тарап аумағындағы инвестицияларына әсер етуі мүмкін халықаралық келісімдерді кідіріссіз басады немесе өзге де тәсілмен көпшілікке қол ж е т і м д і е т е д і .

2. Осы Келісімде ештеңе де Тараптан ашылуы заңдардың сақталуына кедергі жасайтын немесе құпиялықты қорғайтын оның заңдарына қайшы келетін немесе жекелеген инвесторлардың заңды коммерциялық мүдделерге залал келтіретін жекелеген инвесторларға немесе инвестицияларға қатысты ақпаратты қоса алғанда, кез келген құпия немесе меншіктілікті құрайтын ақпаратты ұсынуды немесе қол жетімділікке рұқсатты талап етпеуі тиіс.

## 1 5 - б а п

### **Консультация**



Тараптар кез келген Тараптың талабы бойынша осы Келісімнің орындалуын қарау бойынша консультациялар және осы Келісімнен туындауы мүмкін кез келген мәселені зерделеу жүргізуі тиіс. Мұндай консультациялар Тараптардың құзыретті органдарының арасында тиісті арналар арқылы келісілген орында және уақытта жүргізілуі тиіс.

## 1 6 - б а п

### **Күшіне енуі және қолданылуының тоқтатылуы**

1. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісім, сондай-ақ осы Баптың 1-тармағына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасы күнінен бастап күшіне енеді.

3. Осы Келісім он жыл мерзімге жасалады және бұдан кейін оның қолдануы Тараптардың бірі екінші Тараптан оның Келісімнің қолданылуын 12 айдан соң тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алғанға дейін осындай мерзімге ұзартылады.

4. Осы Келісімнің 1-15-баптарының ережелері Келісімнің қолданылуы тоқтатылғанға дейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты Келісімнің қолданылуы тоқтатылған күннен кейін он жыл бойы қолданылатын болады.

2004 жылғы 8 қазанда Астана қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, латын және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелері әртүрлі түсінілген жағдайда орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

*Қазақстан Республикасының*

*Латвия Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

Осымен 2004 жылғы 8 қазанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы*

*Сыртқы істер министрлігінің*

*Халықаралық-құқық департаментінің*

*Бөлім бастығы*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге жасасу кезінде Тараптардың төменде қол қойған өкілдері Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын мына ережелер туралы келісті:

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1-баптың 2-тармағы (б) тармақшасына қатысты "азамат емес" ұғымы "КСРО-ның бұрынғы азаматтары туралы" Латвия Республикасының заңына сәйкес Латвияның немесе кез келген басқа мемлекеттің азаматтығы жоқ және азаматтығы жоқ адамдар (апатрид) болып табылмайтын, бірақ Латвия Республикасы беретін азамат емес паспортына құқығы бар адамдарды білдіретіні туралы Латвия Республикасы Үкіметінің мәлімдемесін назарға алады.

*Қазақстан Республикасының* *Латвия Республикасының*  
*Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*

Осымен 2004 жылғы 8 қазанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге Хаттаманың бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қ а з а қ с т а н* *Р е с п у б л и к а с ы*  
*С ы р т қ ы і с т е р* *м и н и с т р л і г і н і ң*  
*Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ* *д е п а р т а м е н т і н і ң*

*Бөлім бастығы*